

Уақыт ұзаған сайын, соңында жоқтаушысы табылмаған талай жақсының есімі жадымыздан өшіп, көңілімізден көшіп барады. Сондай адамдардың бірі - жазушы-аудармашы, композитор Қадыр Тайшықов. Оның Жүсіпбекпен аталас туыс екенін біздер өткенде «Жүсіпбек Оймауытұлы қай жылы туған?» деп аталатын мақаламызда айтып кеткен болатынбыз. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы өзінің жазбаларында бірнеше жерде атап өтетін Танашбайұлы Қуан деген кісіден Ордабай, Дәндебай, Молдабай, Ноғай атты төрт ұл туады. Жүсіпбек осы Дәндебайға немере болса, Қадыр Ноғайға шөбере болып келеді. Анығырақ айтсақ, Ноғайдан-Тайшық, одан Баспақ, Баспақтан-Қадыр мен Насыр туады. (Әдебиет

«Қызметін 1928-1932 жылдары бастады»-деп жазылады. Шындығында Қадыр Ташкентке кетерден бұрын, біраз жыл Семейде қызмет істейді. Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары қазақ зиялыларының ішінде Семей топырағын басып, ол жерде қызмет істемегені кемде-кем. Семей ол кезде жарыққа ұмтылған көбелек секілді, ғылым мен білім іздеген қазақ баласының бас қосатын рухани орталығы болған. Бұл жерді Қадыр да айналып кете алмапты. Семейдегі мұрағатта Қадырдың губревкомда аудармашы болып істегені жайлы құжат бар. Датасы 1925 жылдың 4 қазаны деп көрсетілген. Жиырмасыншы жылы бұл жерде Нәзипә Құлжанова, Кәрім Тоқтыбаевтармен бірге Жүсіпбек Оймауытов та аудармашы болғанын

жазушының Қадыр екенінде дау жоқ...

Бұл кезде қуыңға ұшырап, Қызылтаудан үрке қашқан Қуан әулеті тоз-тоз болып, Жетісу жерін паналап, тіпті, одан әрі қырғыз асып кетеді. Қадырдың әкесі Баспақ та баласын сағалап, Алматыға барыпты. Өзімен бірге кемпірі Сақа, Бағила, Нағима атты екі қызы және Насырдан кейін туған бір кішкентай ұлы бар екен. Баспақ та сол жақта ұсталып, Қадырмен бірге Алматы түрмесінде болады. Қадырды Сібірге жөнелткенде, Баспақ әлде көрілігі, әлде басқа бір себебі болды ма, айдалмай аман қалыпты. Қадыр сүйегі Жетісу жеріндегі Лепсі теміржол станциясының жанында жатыр. Бүгінде көзі тірі, Баянауылдағы Шоман ауылында тұратын Тұрсынбике Тұқлаева апамыз былай дейді: «Баспақ өліп, Қадыр

тұрғанын білеміз. Осындай бір хатында Қадыр Мәшекен судың жағасына шығып қалып, ауа жетпей, құйрығымен жер сабалап жатқан балықтың суретін салып жіберіпті. Бір қызығы, біз осындай балықтың суретін кезінде Мәскеудің А.Луначарский атындағы Өнер институтының (ГИТИС) режиссерлік факультетінде оқыған Қадырдың інісі Насырдың комплект дәптерінің ішінде де көрдік. Бұл ағалы-інілі жазушылардың өздері ғана түсінетін ерекше белгісі ме, әлде басқадай сыры бар ма, ол жағы белгісіз.

Әшіре Мырзабекованың айтуынша, Қадыр айдалып кетіп бара жатып, жол бойын шылымның жұқа қағазына хат жазып, әйелінің мекен-жайын көрсетіп, вагонның терезесінен лақтырып отырыпты. Құдайға қараған біреулердің қолына түссе, әрі қарай салып жіберер деген үміті ғой. Ақыры Семейде тастаған осындай бір хаты Алматыдағы жарына жеткен көрінеді. Онда Қадыр өзінің Шығысқа қарай кетіп бара жатқанын айтыпты. Әшіре шешеміздің айтуынша, 1938 жылдың екінші жартысынан былай қарай, Қадырдан хат-хабар біржола үзіледі. Одан кейінгі тағдыры белгісіз дейді.

Дегенмен, Қадырдың лагерьде жүріп оққа ұшқанын көрген кісінің төмендегідей дерегі бар. Өлеңті өзенінің бойында, қазіргі күнде Ерейментау ауданының аумағында тұрған Ажы, Бозтал деп аталатын ауылдар бар. Бұл екі ауыл кезінде Баянауыл ауданына қараған екен. Тұратын халқы да Баяндағы елмен аталас, Сүйіндік балалары. Бірақ, бұл ауылдар жерінің шалғайлығына байланысты, 1939 жылы Ақмола облысындағы Ерейментау ауданына беріледі. Осы Бозтал ауылының тумасы Жаңабайдың Қайнені деген адам да кезінде жалалы болып, айдаудың дәмін татып келген екен. Сол кісі елге аман-сау оралғасын (елуінші жылдардың іші болса керек), бір кездесіп әңгімелескенде, менің атам Байбосынға Қадырмен айдауда бірге болғанын, оның сол жақта жүріп оққа ұшқанын айтады. Әрине, бұл - екеуара ғана әңгіме. Ол кезде ондайды жариялап айтуға болмайды. Атам 1963 жылы дүниеден өтті. Бірақ естігенін өзінің інісі Төлеудің баласы Қоқышқа айтып кеткен екен. Қадырды іздеуші болмағасын, Қоқан да ешкімге сыр ашпай жүре берген. Бірақ осыдан біраз жыл бұрын «Саған керегі болар, өз атаң Байекеңнен естіп едім», - деп, маған айтқан еді. Сонымен Қайненнің айтуынша, әлде күз, әлде көктем мезгілі, тұтқындарды таңертең жұмысқа айдап апара жатады. Аштық пен ауру өлсіретіп, аяқ киімнен су өткен Қадыр сапқа ілесе алмай, кейіндеп қала берсе керек. Сол кезде айдаушы солдат оны мылтықтың ұңғысымен арқадан нұқып қалады. Әйтеуір бір өлім деп ойлады ма, ыза болған Қадыр солдаттың жағасынан алады, сол кезде солдат атып жіберіпті. Қайран боздақ осылай тайғанын ішінде

Қайранға ұрынған қайық

**(Қазақтың тұңғыш қаламгерлерінің бірі
Қадыр Тайшықов жайлы аз сөз)**

пен журналистикада, театр өнерінде із қалдырғандардың бірі Насыр Баспақұлы жайлы әңгіме бөлек). Ноғай мен Тайшық, Баспақтар өз заманында ырысы ортаймаған, дәулетті адамдар болыпты. Ноғай Қуанұлы 1872-1884 жылдар арасында Баяндағы Күлік-Қызылтау болысын басқарған. Одан кейін бұл лауазым бағалы Тайшыққа ауысады. Тайшықтан кейін ата-баба болысты 1898 жылға дейін өз ағайындары, жоғарыда аталған Молдабайдың Омары, Дәндебайдың Оспаны басқарыпты. Қадырдың әкесі Баспақ та болыс болған деседі, бірақ, бұл жөнінде қолымызға нақты құжат түспеді. Әулие Мәшһүр Жүсіп тарих түгендеп, шежіре жинап 5 жылға жуық Орта Азия мен Сыр елін аралап жүргенде, жасы келген Тайшық қайтыс болып кетіп, Мәшекен елге оралғасын оның ұрпақтарына ұзақ өлеңмен көңіл айтады. Осы өлеңнің:

жазғанбыз. Осы қызметке Қадырды өзінің аталас туысы Жүсіпбектің орналастыруы да әбден мүмкін. Қадыр Семейде тек аудармашы болып қана қоймай, алғашқы тырнақалды туындыларын жазып, жарыққа шығарғаны дау тудырмайды. Және болашақ аудармашы-әдебиетші осы жерде орыс тіліндегі құжаттарды аударып, тәжірибе жинақтаған секілді.

Ташкенттен қайтып келгесін, Қадыр әдебиетпен беріле айналысады. Оның сатиралық әңгімелері, өлеңдері «Еңбекші қазақ», «Лениншіл жас» және Семейде шығатын «Қазақ тілі» газеттерінде, «Жаршы», «Жаңа әдебиет», «Балға» журналдарында үзбей

айдалғасын, Сақа кемпір елге қайтып келіп, өле-өлгенше Майқайың кентінде тұрды, менің бала кезімде көрші болдық. Қолында Бағила есімді қызы бар еді. Бағила кезінде Баян елінде Бөзілбай атты болысқа тұрмысқа шыққан екен. Одан кейін босаға аттаған жоқтын деп отыратын. Нағимасы Ресейдің Бийскісі жағында күйеуде еді, одан кейін оның не болғанынан хабарсызбын. Сақа әкеміз кейде өткен-кеткенді есіне алып, әңгіме айтып отыратын. «Күйеуім Баспақ пен балам Қадыр ұсталғанда, халықтың ашаршалық көріп, күйзеліп тұрған уақыты еді» - дейтін. Сөйтсе де, Сақа әкеміз азық етуге



**Тайдырған патшаларды алтын тақтан.
Айырылып қапсық жұртым, аман бар ма,
Өзі берік, өзі жүйрік арғымақтан.**

**Жарқырап мыңнан шыққан тұлпар егі.
Ішінде ителгінің сұңқары егі.**

Сексенген әрбір дұшпан айдынынан.

Көрген де, көрмеген де іңкәр егі» - деп

келетін шумақтарынан Тайшықтың Баянаула өлінде өкінің біріне қосылған белгілі адам болғанын байқаймыз. Бұл кісіні сол уақытта Баян-Қызылтау елі «Көкжал Тайшық» деп атаған екен.

Енді Қадырдың өзіне келер болсақ, өкінішке қарамастан, ондай қаламгердің болғанын бүгінде тарих түгендейтін кісі болмаса, көпшілік біле бермейді. Қуғын-сүргінге ұшыраған талай жақсылар ақталып, қатарға қосылып жатқанда, Қадыр Баспақұлы әлі де көзден тасада қалып келеді. Уақытында проза, поэзия, сатира, балалар әдебиеті, көркем аударма секілді жанрларға бірдей қалам тартқан Қадыр жан-жақты дарын иесі болатын. Музыкамен де беріле айналысып, соңында бірнеше шығармалар қалдарғын. Оның «Партизан жыры», «Полк әні», «Комсомол әні» секілді туындыларын Қуан Лекеров, Жүсіпбек Елебековтер кезінде айтып жүріпті. «Тасқын» атты күйі де радиодан үзбей беріліп жүреді екен. Оның кейбір әндерін кезінде Е. Брусиловский өзінің «Жалбыр» операсына да пайдаланғаны жайлы деректі құлағымыз шалған еді. Қадыр жайлы марқұм Бейсенбай Кенжебаевтың мынадай бір сөзі бар: «Қадыр музыканы, ән-күйді өте жақсы түсінетін, тыңдағанда балқып отыратын. Оның дауысы тамаша еді, домбыра, мандолина тарта білетін. Қадыр қазақ әндерін домбыраға қосылып, тамылжытып тұрып айтатын. Қадырдың замандаасы Жайық Бектұровтың да: «Ол бесаспап өнерпаз жігіт, етік те тігеді, домбыра да жасайды, сурет те салады, сықақ әңгімелер де жазады» - деген пікірі бар. Бұл екі кісі де Қадырдың көзін көрген адамдар.

Баянның Қызылтауында 1900 жылы дүниеге келген Қадыр әке дәулетінің арқасында бір кісідей білім алғаны байқалады. Баянаула мен Көрекудін школарында оқыған ол, 1926-1928 жылдары Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде түседі. Бірақ, бай баласы ретінде көрсетінді болып, оқудан кетуге мәжбүр болыпты. Қадырдың өмірбаянында

«...«Бала» журналында үзбей жарияланып тұрыпты. Сатиралық туындыларына «Малкелді», «Мәлтең», «Бұйрас», «Қапсықпа» деген бүркеншек есімдермен қол қояды екен. 1927 жылы «Еңбекші қазақ» газеті сатиралық шығармаларға конкурс жариялайды. Оған 103 фельетон түсіп, соның 12-ісіне бәйге беріліпті. Осы дүбірлі жарыста бас бәйге «Мұсылман ұлының қамшысы», «Үш тарау», «Меруерттің сыры» атты туындылары үшін Қадыр Тайшықовқа беріледі. Оның алғашқы сатиралық жинағы «Күлмеске не?» деген атаумен 1935 жылы жарық көрген екен. 1936 жылы «Октябрь ұшқыны», ал 1937 жылы «Аңшы Қалжан» деп аталатын кітаптары басылып шығады. (Бұл кітаптардың бір-бір данасы Алматыдағы Ұлттық кітапханада сақтаулы).

Қадырдың өндірте айналысқан бір саласы-көркем аударма. Ең алғаш Н.Гогольдің «Өлі жандарын» қазақшалап, оны оқырмандар аса ыстық ықыласпен қарсы алады. Жайық Бектұров: «...оның «Өлі жандарын» қызыға оқығаным бар-ды. Қадырдың сықақ әңгімелері де жұрт аузында жүретін», - дейді. Осыдан кейін ол Д.Фурмановтың «Чапаев» романын, М.Кольцовтың, А.Чехов пен М.Зощенконың бірнеше әңгімелерін аударыпты. Бұның барлығы - Қадырдың әдебиетпен айналысқан 7-8 жылдың ішінде ғана бітірген шаруасы. Егер сау-саламат жүргенде, оның әдебиет пен өнер үшін берері де мол болар еді. Бірақ, «ұлым» деген талай ұланның жолын кескен 37-інің қанды қасабынан Қадыр да аман қалмайды. Оның ресми өмірбаянында «1937 жылы қаза болды» деп жазылған.

Дегенмен, мына бір жайды айтқымыз келеді. Сексенінші жылдардың ішінде ме екен, ұмытпасам «Жұлдыз» журналының бір санында Сәкен Сейфуллиннің жары Гүлбаһрам шешеміздің бір естелігі жарияланды (өкінішке қарай журналдың саны мен шыққан жылы есімде қалмапты). Соның бір жерінде шамамен былай делінеді: «Күйеулеріміз ұсталып кеткен соң, бір топ әйел түрмеге тамақ апарушы едік. Бізді оларға жолықтырмайтын, бірақ, дарбазаның астында кішкентай тесік болушы еді, тұтқындарды серуенге алып шыққанда әлгі тесіктен қарап, аяқ киімдерінен танып, әйтеуір, тірі екен ғой деп, апарған тамағымызды тастап кететінбіз. Бізбен бірге Гогольдің «Өлі жандарын» аударған қазақтың бір жас жазушысының әйелі де бірге баратын. Бір күні оның күйеуінің аяқ киімі көрінбей қалды. Дегенмен, әлгі әйел күдер үзбей, талай уақыт бізбен бірге барып жүрді», - дейді. Аталған

«**Өкінішке қарай,
Қадырдай қаламгердің
болғанын бүгінде тарих
түгендейтін кісі болмаса,
көпшілік біле бермейді.
Қуғын-сүргінге ұшыраған
талай жақсылар ақталып,
қатарға қосылып жатқанда,
Қадыр Баспақұлы әлі де
көзден тасада
қалып келеді**»

жарарлық қолға түскен бірдеңе болса, талғажау етсін деп, Алматының түрмесінде жатқан күйеуі Баспаққа апарады екен. Сөйтіп жүргенде жанындағы кішкентай ұлы аштан өледі. Бір күні Баспақ тамақ апарған әйелінен: «Балам қайда, неге келмеді?» - деп сұрайды. Мен де қайраттымын ғой дейтін сонда Сақа көмпір: «Е, оның сендер бардағы еркелігі бар ма, ұрысып тастап кеттім»-дедім. Бағила шыдай алмай, теріс айналып кетті» - деп отыратын жарықтық». Міне, сөйтіп бір әулет осылай тоз-тоз болып кетеді.

Қадырдың жары Әшіре Мырзабекова талай жыл Қарағандыда тұрып, бертін 1991 жылы қайтыс болады. Бұл кісі Қазақ қыздар институтының тұңғыш ректоры болған Тұрсын Мырзабековтің әпкесі екен. Осы Әшіре шешемізбен танысып, сұхбаттасып жүрген марқұм Жайық Бектұровтың жазуынша, Қадыр 1937 жылдың 27 желтоқсанында қағазға бір балықтың суретін салыпты және дәл сол күні ұсталып кетеді. 1938 жылы Алматы түрмесінен Шығысқа қарай этаппен жөнелтілген көрінеді. Енді балық суретіне келсек, осындай әңгімені мен бұрын да естіп едім. Баян жерінен шыққан зиялылармен Мәшһүр Жүсіптің хат жазысып

көмусіз қала береді.

Қадыр Тайшықовтың сол уақыттарда латын қарпімен басылып шыққан «Күлмеске не?», «Октябрь ұшқыны», «Аңшы Қалжан» секілді кітаптарын Алматыдағы Ұлттық кітапханадан көрдік дедік. Өкінішке қарай, аудармаларын кездестіре алмадық. Қадырдың өз кеткесін, оның соңында қалған әдеби мұрасына кез алартушылар да болады. Бұл секілді әңгімелерді бұрын да құлағымыз шалып жүретін. Оның Гогольден аударған «Өлі жандарын» кезінде Ақмоладағы «Тың өлкесі» газетінің редакторы болған Әнуар Ипмағамбетов деген адам өз атынан жариялап жіберіп, соңынан алған қаламақысын қайтарып берді дегенді қарт журналистердің аузынан естігем. Осы оқиға жөнінде сол заманды көзден өткерген адамдардың бірі Жайық Бектұров өз естеліктерінде былай деп жазады: «Елуінші жылдардың бас кезі. Алматыға бір келгенімде, Әнуар мені үйіне шақырды. ...Осы жолы Әнуар сөз арасында: «Мен Гогольдің «Өлі жандарын» аударып жатырмын»-деп қалды. Мен аңғармай оған: «Әй, Әнуар, сен неге оны аударасың? Бұл кітапты баяғыда Қадыр Тайшықов аударып еді ғой?» - деп қалдым. Осымен сөз бітті. Менің ішімде бір үлкен тұйткіл қалды», - дейді.

Дегенмен, заман түзелгесін, Қадырдың жары Әшіре Мырзабекқызы Ә.Ипмағамбетовты сотқа беріп, кітаптың қаламақысын қайтаруға мәжбүр етеді. Бұған белгілі журналист, марқұм Әбдуәли Қарағұлов көп күш салғанын жазады Ж.Бектұров.

Жайық атамыз Қадыр мен Әшіренің белгілі қоғам және өнер қайраткерлерімен түскен бірнеше суреттері жайлы әңгімелейді. Олардың біразы тоқсаныншы жылдардың басында газеттерде жарияланған секілді. Өкінішке қарай, бұл суреттер қолымызға түспеді. Дегенмен, Қадыр Тайшықов және оның төңірегі жайлы дерегі бар адамдар болса, бізбен хабарласар деп ойлаймыз. Әзірше, Қадыр Тайшықов жайлы азғана дерек осындай.

Сайлау БАЙБОСЫН,

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.